

**Кеңбидайық ауылның жалпы орта білім беретін мектебінің
2024-2025 оку жылындағы әлеуметтік педагогтың аткарған
жұмысының жылдық есебі.**

Әлеуметтік педагогтың жұмысының негізгі мақсаты: жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, әлемді қабылдауды және оған бейімделуді жүзеге асыруға көмектесу. Оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алудың әлеуметтік түрғыдан қорғау. Өскелен үрпаққа заман талабына сай тәрбиелеу, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз отанына деген міндет-борышын атқаруға, оның гүлденіп, өркендеуіне атсалысуына үйрету, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету, табиғатты аялауға ықпал ету.

Міндеттері:

- Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқуышылығын, әлеуметтік ортага бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау.
- Оқушыға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету.
- Оқушы-жеке тұлға мен мектептің, отбасы, орта, әлеуметтік қызмет мамандарын, әкімшілік орындарды тікелей байланыстырушы.
- Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларды қолдау мен көмек көрсетуде т.б. әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану.
- Әлеуметтік инициативаны дамытуда, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған, мерекелік шаралар үйымдастыру және оларды талдап, бекітуге қатысу.
- Мектепте, отбасыда, және қоршаған әлеуметтік ортада білім алушы жеке тұлғаның қауіпсіздігі мен психологиялық үйлесімділігіне жағдай туғызуына ықпал ету.
- Оқушының салауатты өмір салты үшін әлеуметтік ауытқуышылық пен құқық бұзушылығының алдын алу.
- Оқушыларға көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет көрсету мамандарының, әкімшілік үйым өкілдерінің өзара әрекетін үйлестіру.

Әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Маусым айында 2024-2025 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындаған, камқоршылық кенес отырысында қаралып бекітілді.

Жылдық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

Жалпыға міндетті оқу қорына құжаттар жинау жұмысы бойынша Кеңбидайық ауылшының жалпы орта білім беретін мектебі. Аталған отбасынан жалпы білім беру қорының есебінен берілетін қаржылай көмекке құжаттар жинап тапсырылды.

Мектепке жол акция барысында тамыз айында 2 балаға ауыл ТОО «Кеңбидайық Астық» Оразхан Амантайұлы атынан көмек ретінде мектеп сөмкесімен оқу құралдары берілді.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен 1-4сынып оқушылары ыстық тاماқпен қамтамасыз етілді. /барлық ыстық тاماқпен қамтылған оқушы саны-38 Оқушылардың күнделікті тاماқ ішүін мектеп медбикесі Никфирова және әлеуметтік педагог Искакова С А бақылап отырды. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалды. Көпбалалы, түрмис жағдайы төмен, толық қамтылмаған балалардың және мектептің әлеуметтік төлкүжаты жасалды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны -75 Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 13 бала, жалғыз басты-3-отбасы. Мектептің, сыныптың әлеуметтік төлкүжатын жасау. Сыныптар бойынша деректер жинау.

24 қазан күні әлеуметтік педагог Искакова С А «Баланың құқықтары туралы Конвенция» тақырыбында 5-10 сынып аралығында тәрбие сағаттары мен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

1-желтоқсан «Біз салауатты өмірді қолдаймыз»-СПИДке , наркоманияға қарсымыз атты апталық үйымдастырылды. Мектебіміздің кітапханашысы Боранбаева О П медбике Никифорова Н В, мектеп психологи Мусина А К, әлеуметтік педагог Искакова С А үйымдастыруымен 5-10 сыныптар аралығында пікірталас өткізіліп бейнероликтер көрсетіліп , спид жайлы түсінік берілді.

2025 жылы қаңтар айынан бастап әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары бойынша , жұмыстар жүргізілді. 1-4 сынып оқушылары ыстық тاماқпен 20 оқушы қамтамасыз етілді. Олардың күнделікті тاماқ ішүі қадағаланып тұрды. Ай сайын тاماқтанудың есебі жасалып, аудандық білім бөліміне жеткізіледі.

Мектебімізде «Мен және отбасым» тақырыбында әр сынып оқушыларының арасында түрлі жұмыстар жүргізілді. Олар мысалы сурет салу, шығарма жазу және әңгімелер айтылды.

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында іс-шара жоспары жасалынды. Осы бағыт бойынша 20 қаңтар күні

Әлеуметтік педагог Искакова С А «Тәртіп бұзушы және қараусыз жасөспірімдерді жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы тәрбиені жандандыру» тақырыбында оқушылармен сұхбат жүргізді. Қатысқаны -12 оқушының Ақпан айында қолайсыз отбасыларды анықтау мақсатында рейд жұмыстары жүргізілді. 9- 11сынып оқушылары арасында мамандық таңдауға байланысты түрлі сауалнамалар жүргізілді. Әлеуметтік себептер бойынша сабактарға балалардың келмеуінің алдын алу бойынша жұмыстар өткізілді. Ақпан айында сабактан көп қалатын оқушыларды анықтап, сабакқа келмеу себептерін анықтау үшін, мектеп психологымен бірге үйіне барып, ата-анасымен кездесіп, сөйлестік.

2025 жылдың наурыз айында «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауаптылығы», «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» «Қауіпті ойындар» атты іс-шаралар өткізілді, 9-10 сынып оқушыларының арасында дөңгелек үстел өткізілді. «Біз сыйайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыпта 9а, 9б сынып жетекшісі Балабекова Г Шжәне Бирманова С Б «Өз заңым-өз арым» тақырыптарда заң туралы баяндамалар оқыды.

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында ата-аналар мен оқушыларға «Болашағымызға байыпты тәрбие берейік» тақырыпта әлеуметтік педагог С А Искакова баяндама оқыды.

Сәуір айында салауатты өмір салты бойынша барлық оқушыларға әңгіме жүргізілді. Онда мектептің медбикесі Н.В.Никифорова «Туберкулез» -аса қауіпті індег екенін айттып өтсе, әлеуметтік педагог С А Искакова салауатты өмір салтын сақтау туралы бейнебаян көрсетіп, түсіндіріп өтті.

Сынып оқушылармен «Маған өмір қымбат», «Менің арманым» тақырыптарда тренингтер өткізілді. 8-9 сынып оқушыларынан «Стрест тест» сауалнама алынды.

Жоспар бойынша сәуір айында бастауыш сынып оқушыларына бастауыш сынып мұғалімдері «Баланы бастан» тақырыбында әңгіме өткізді.

Мамыр айында жалпы мектепшілік ата аналар жиналысында, содан кейін 5-11 сынып оқушыларымен аудандық қәмелетке толмаған жасөспірімдер инспекторымен кездесу өтті.

Әлеуметтік педагог:  Искакова С А